

"Тұрақты емес ұшуларды орындауға арналған рұқсаттарды беру және беруден бас тартуға арналған негіздердің ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитеті Төрағасының 2003 жылғы 30 қазандағы N 502 бұйрығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитеті Төрағасының 2007 жылғы 27 наурыздағы N 55 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 23 сәуірдегі Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4621 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2010 жылғы 13 тамыздағы № 359 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2010.08.13 № 359 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Жолаушыларды, багажды және жүкті тасымалдауды жүзеге асыру үшін тұрақты емес ұшуларды орындауға рұқсат беру және рұқсат беруден бас тартуға негіз болатын тәртіпті жетілдіру мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Тұрақты емес ұшуларды орындауға арналған рұқсаттарды беру және беруден бас тартуға арналған негіздердің ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитеті Төрағасының 2003 жылғы 30 қазандағы N 502 бұйрығына (Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізбесінде N 2558 номерімен тіркелген және 2003 жылғы N 43-48, 895-т. өзге мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық бюллетенінде жарияланған, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының "2003 жылғы 13 қарашада N 2558 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелген Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2003 жылғы 30 қазандағы N 502 бұйрығымен бекітілген "Тұрақты емес ұшуларды орындауға арналған рұқсаттарды беру және беруден бас тартуға арналған негіздердің болатын ережелеріне өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізбесінде 2004 жылғы 19 тамыздағы N 3029 номерімен тіркелген 2004 жылғы 3 тамыздағы N 139 , " Тұрақты емес ұшуларды орындауға арналған рұқсаттарды беру және беруден бас

тартуға арналған негіздердің болатын ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитеті Төрағасының 2003 жылғы 30 қазандағы N 502 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізбесінде 2005 жылғы 11 ақпандағы N 3439 номерімен тіркелген және 2005 жылғы 21 қазандағы N 195-196 (929-930) "Заң газетінде" жарияланған 2005 жылғы 12 қаңтардағы N 4 , "Тұрақты емес ұшуларды орындауға арналған рұқсаттарды беру және беруден бас тартуға арналған негіздердің болатын ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитеті Төрағасының 2003 жылғы 30 қазандағы N 502 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізбесінде 2006 жылғы 23 наурыздағы N 4130 номерімен тіркелген және 2006 жылғы 7 сәуірдегі N 61-62 (1041-1042) "Заң газетінде" жарияланған 2006 жылғы 28 ақпандағы N 28 , "Тұрақты емес ұшуларды орындауға арналған рұқсаттарды беру және беруден бас тартуға арналған негіздердің болатын ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитеті Төрағасының 2003 жылғы 30 қазандағы N 502 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізбесінде 2006 жылғы 28 шілдедегі N 4316 номерімен тіркелген және 2006 жылғы 11 тамыздағы N 147 (1127) "Заң газетінде" және 2006 жылғы 21 қазандағы N 43 (305) "Ресми газетінде" жарияланған 2006 жылғы 3 шілдедегі N 126 бұйрықтарымен өзгерістер енгізілген) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тұрақты емес ұшуларды орындауға арналған рұқсаттарды беру және беруден бас тарту Ережелерде:

2 - т а р м а қ т а :

2) тармақшасы мынадай мазмұнмен толықтырылсын:

"Нақты рейс орындайтын әуе кемесінің бортына жүкті тиеуді жүзеге асыратын кез келген қону пункті (алғашқы немесе бағдарғыдағы) жөнелту пункті болып табылады, ал жүкті түсіретін бірінші тиісті пункт белгіленген пункт болып табылады (тасымал қай жерде басталғанына және соңында бұл тасымал жүк қағазына сәйкес қайда аяқталатынына байланысты емес);";

8) тармақшадағы "." тыныс белгісі ";" тыныс белгісіне ауыстырылсын;

Мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) тұрақты емес ұшуларды біржақты орындау - қазақстандық авиакомпаниялар отыз күнде екіден аз жиілікпен тұрақты емес ұшуларды орындайтын авиациялық бағдарғылар бойынша жолаушыларды және/немесе

жүкті коммерциялық тасымалдау мақсатында азаматтық әуе кемелерінің шетел пайдаланушыларының тұрақты емес ұшуларын орындауы".

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қазақстандық пайдаланушылардың азаматтық әуе кемелерінің халықаралық тұрақты емес ұшулары қалыптасқан заңнамалық тәртіппен Азаматтық авиация комитеті берген пайдаланушының сертификаты пайдаланушыда бар болған жағдайда және осы Ережелерге сәйкес Азаматтық авиация комитеті беретін рұқсат негізінде жүзеге асырылады.

Қазақстандық пайдаланушылардың азаматтық әуе кемелерінің ішкі тұрақты емес ұшулары қалыптасқан заңнамалық тәртіппен Азаматтық авиация комитеті берген пайдаланушының сертификаты пайдаланушыда бар болған жағдайда, сондай-ақ пайдаланушы жоспарлау, координациялау және тікелей әуе қозғаласына қызмет ететін органға ұсынған ұшу жоспарының негізінде жүзеге асырылады.";

5-тармақтың он бесінші абзацы "қазақстандық пайдаланушы" деген сөздерден кейін "(тоқсан сайын ұсынылады)" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақтың он алтыншы абзацында "бірнеше өзара байланысты тұрақты емес ұшулар (төрт және одан да көп ұшулар) сериясын орындаған кезде" деген сөздер "төрт және одан да көп өзара байланысты тұрақты емес ұшуларға өтінім ұсынылған кезде" деген сөздермен ауыстырылсын;

13-тармақ "әуе кемесіне қызмет көрсету" деген сөздерден кейін " метеорологиялық қамтамасыз ету," деген сөздермен толықтырылсын;

1 4 - т а р м а қ т а :

4) тармақшасының бесінші абзацында "Астана және Алматы" деген сөздер " Астана, Алматы және Атырау" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) тармақшасының бесінші абзацында "Астана және Алматы" деген сөздер " Астана, Алматы және Атырау" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) тармақшада ". " тыныс белгісі "; " тыныс белгісіне ауыстырылсын;

Мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) шетел пайдаланушысының тұрақты емес ұшулар (отыз күнде төрт және одан да көп ұшулар) сериясын осындай пайдаланушыны тіркеуші мемлекет пен Қазақстан Республикасы арасындағы авиациялық бағдарғылар бойынша біржақты орындауы, мынадай жағдайларды қоспағанда:

тұрақты емес ұшулар Азаматтық авиация комитеті мен шетел пайдаланушысын тіркеуші мемлекеттің азаматтық авиация саласындағы тиісті уәкілетті органы арасындағы уағдаластыққа сәйкес орындалады;

көмек көрсету үшін тасымал ұшу мақсаты болып табылады;

халық шаруашылығы, ғылым, халықаралық ынтымақтастық және қауіпсіздікті қамтамасыз ету мүддесінде ғарыштық кеңістікті зерттеу және

пайдалану үшін жолаушыларды және/немесе жүкті Ресей Федерациясының әуеайлағынан "Байқоңыр" ғарышалаңының әуеайлағына жеткізу (сондай-ақ алып шығару) ұшу мақсаты болып табылады;

тұрақты емес ұшулар жеке мақсаттағы немесе іскерлік сапарлардағы чартерлік рейстер болып табылады."

2. Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету бөлімі (К.Ш.Малдыбаев) қалыптасқан заңнамалық тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитеті Төрағасының орынбасары С.Н.Қожаметовқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күннен соң қолданысқа енгізіледі.

Төраға